

## БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ FORMATIVE БАҒАЛАУ ПЛАТФОРМАСЫН ПАЙДАЛАНУ МҰМКІНДІКТЕРІ

**Асанбек Аружан Жанайдарқызы**

6B01505-«Биология мұғалімдерін даярлау»  
білім беру бағдарламасының 2 курс студенті  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
университеті Атырау қ., Қазақстан  
Республикасы

Ғылыми жетекшісі - магистр, сеньор-лектор **Рысмагамбетова Г.М.**

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда білім беру жүйесі күннен күнге қарқынды дамып, технологиялық жаңалықтар оқу үдерісіне белсенді енгізілу үстінде. Мұғалімдер оқушыларды дәстүрлі бағалау әдістерімен бағалап қана қоймай сонымен қатар, оқушылардың білімін инновациялық платформалар арқылы бағалауға көшуде. Бұл платформалар білім

алушылардың оқу жетістіктерін тиімді бақылауға, кері байланыс беруге, уақытты дұрыс пайдалануға және оқыту үдерісінің дамуына мүмкіндік береді. Дәл қазіргі уақытта білім беру жүйесінде оқушылардың білімін тексеру мен бағалаудың заманауи әдістері өте үлкен әрі ауқымды рөл атқарады. Мұғалімдерге оқушылардың нәтижелерін тиімді бақылау, саралау үшін цифрлық құралдарды пайдалану қажет. Интерактивті тесттер мен бағалауға арналған платформалар мұғалімдерге онлайн тесттер, сауалнамалар және тапсырмалар құруға көмектеседі. Осындай платформалардың бірі – Formative <https://www.formative.com/>. Бұл сервис нақты уақыт ішінде оқушылардың жұмысын бағалауға, сонымен қатар кері байланыс беруге және білім беру үдерісін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Formative платформасы дәстүрлі бағалауға қарағанда тиімдірек, өйткені ол оқушының білімін терең талдауға және деректер негізінде шешім қабылдауға көмектеседі. Бұл платформа бағалаудың тиімділігін арттырып, оқушыларға жекелендірілген қолдау көрсетуге жағдай жасайды. Бұл мақалада инновациялық бағалау платформаларының пайдалары, олардың білім беру үдерісіндегі артықшылықтары мен қолданылу мүмкіндіктері соның ішінде Formative платформасының мүмкіндігін тереңірек қарастырылады.

**Formative** – бұл оқушылардың алған білімін тексеруге арналған цифрлық бағалау құралы. Ол мұғалімдерге оқушылардың берген жауаптарын нақты уақыт ішінде бақылауға және талдауға мүмкіндік береді. Бұл платформа бағалаудың икемділігін арттырып, оңайлата түседі сонымен қатар оқушыларға жекелендірілген қолдау көрсетуге жақсы жағдай жасайды. Платформаның негізгі ерекшеліктеріне келетін болсақ, көптеген артықшылықтарға ие.

Біріншіден платформа арқылы нақты уақыт ішінде бағалау: Мұғалім оқушылардың жауаптарын бірден көріп, оларға түзетулер енгізіп яғни қателерін жөндеп түзете алады.

Екіншіден әртүрлі тапсырмалар: Тесттер, ашық сұрақтар, сурет салу, мәтінмен жұмыс жасау және басқа да бағалау түрлері бар.

Үшіншіден кері байланыс: Мұғалім әр оқушыға жеке түсініктеме бере алады, бұл оқыту сапасын арттырады, оқушымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден автоматты талдау: Платформа оқушылардың нәтижелерін

талдап, қай тақырыптардың оларға қиындық туындағанын анықтауға көмектеседі.

Бесіншіден интеграция мүмкіндігі: Formative Google Classroom, Microsoft Teams сияқты басқа білім беру платформаларымен жақсы үйлеседі.



Сурет 1

Formative платформасы әртүрлі пәндер мен деңгейлерде, сыныптарда қолданылады. Ол бастауыш сыныптардан бастап жоғары сынып оқушыларына дейінгі барлық білім беру сатыларында тиімді жұмыс жасайды.

**Мұғалімдер платформаны қалай пайдаланып, жүзеге асыра алады?**

- 1) Сабақ барысында оқушылардың білімін тексеру үшін.
- 2) Үй тапсырмаларын орындау барысын қадағалау үшін.
- 3) Топтық және жеке жұмыстарды бағалау үшін.
- 4) Тақырыптық тесттер мен емтихандар өткізу үшін.
- 5) Қиын тақырыптарды түсіну деңгейін бақылау үшін.

**Формативті бағалау қалай есептеледі?**

Мұғалім келесі дифференциацияға сәйкес оқушылардың оқу жетістіктерінің прогресін балл түрінде журналға тіркейді:

1 балл – оқу тапсырмаларын 0% ден, 10% дейін орындады, қателіктер жіберілді, сабақта пассивті, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша қорытынды жасамайды, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды, өткен материалды білмейді;

2 балл – оқу тапсырмаларын 20% - ға дейін орындады, қателіктер жіберілді, сабақта пассивті, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша әрдайым тиісті қорытынды жасай бермейді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды;

3 балл – оқу тапсырмаларының 30% - на дейін орындады, қателіктер жіберілді, қателіктерін түзетуге тырысады, сабақта кейде белсенділік танытады, оқу тапсырмаларын орындау кезінде мұғалімнің/ата-ананың/кұрдастарының қолдауына мұқтаж;

4 балл - оқу тапсырмаларының 40% - на дейін орындады, қателіктер жіберді, қателерді түзету кезінде көмекке мұқтаж, әрдайым белсенді бола бермейді, кейде тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

5 балл - 50%-ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, 5-ке дейін қателіктер жіберді, мұғалімнің көмегіне мұқтаж, сабақта әрдайым белсенді бола бермейді, кейде мүмкін болатын тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

6 балл - оқу тапсырмаларының 60%-на дейін орындады, 4-ке дейін қате жіберді, мұғалімнің көмегіне мұқтаж, сабақта ынталы, орташа күрделі тапсырмаларды өз бетінше орындай алады;

7 балл - оқу тапсырмаларының 70% - ға дейін орындады, 3-ке дейін қате жіберді, қателіктерді уақтылы жойды, сабақта белсенді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

8 балл - оқу тапсырмаларының 80% - на дейін орындады, 1-2 елеусіз қателіктер жіберді, мұғалімнің пікірлері негізінде өз қателіктерін түзетеді, белсенді, тәуелсіз;

9 балл - оқу тапсырмаларының 90% - на дейін орындады, тапсырмаларды орындау кезінде шамалы дәлсіздіктерге жол берді, қатемен жұмыс істейді, белсенді, дербес;

10 балл - оқу тапсырмаларының 100% орындады, қателіктер жібермеді, белсенді, тәуелсіз, түсіндіре алады, жауаптарын негіздейді.

Формативті белгілер оқушының есептік кезеңдегі жалпы үлгеріміне әсер етеді: тоқсан немесе жартыжыл шеңберінде.  
<https://kundelik.zendesk.com/hc/en-us/articles/360014513518>

Келесі кезекте Formative платформасының артықшылықтары: Formative платформасы мұғалімдер мен оқушыларға көптеген жақсы, қолжетімді мүмкіндіктер береді. Оның басты артықшылықтары:

**1. Интерактивті бағалау:** Дәстүрлі бағалау жүйелеріне қарағанда, Formative оқушыларды белсенді жұмыс істеуге, қызыға сабақ оқуына ынталандырады.

**2. Уақытты үнемдеу:** Автоматты тексеру жүйесі мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді.

**3. Оқушыға бағытталған тәсіл:** Әр оқушы өз деңгейіне сәйкес кері байланыс алады.

**4. Деректерге негізделген шешімдер:** Мұғалімдер платформадағы статистика арқылы оқыту стратегиясын өзгерте алады.

**5. Қолжетімділік:** Formative кез келген құрылғыда (компьютер, планшет, смартфон) жұмыс істейді.

Кез-келген дүниенің артықшылықтарымен қатар кемшіліктері бірге жүреді. Сол секілді Formative платформасында да кейбір қиындықтар кездесуі әбден мүмкін.

**Formative платформасының кемшіліктері:**

**1. Интернетке тәуелділік:** Платформа тек онлайн режимде жұмыс істейді, сондықтан интернеті тұрақсыз аймақтарда қолдану қиын.

**2. Қазақ тіліндегі ресурстардың аздығы:** Платформаның негізгі интерфейсі ағылшын тілінде болғандықтан, кейбір мұғалімдерге оны пайдалану күрделі болуы мүмкін.

**3. Барлық оқушылар үшін ыңғайлы емес:** Кейбір оқушылар цифрлық құралдармен жұмыс істеуге бейім болмағандықтан, бастапқыда үйренуге уақыт қажет.

Formative платформасына тіркелу үшін біз бірнеше кезеңдерден өтуіміз қажет. Ең алдымен Formative ресми сайтына кіреміз. “Sign up” (Тіркелу) батырмасын басамыз. Осы тұста мұғалім ретінде тіркелу үшін Google, Microsoft немесе электрондық поштамызды пайдаланып тіркелеміз. Тіркелгеннен кейін сынып құру немесе дайын сабақтарды пайдалану мүмкіндігі беріледі. Сол мүмкіндіктерді пайдаланамыз. Ал сабақтар мен тапсырмалар жасау үшін “Create” яғни (Жасау) батырмасын басамыз. Содан кейін сұрақ түрін таңдауымыз. Мысалы: қысқа жауап, көп таңдаулы сұрақтар, ашық сұрақ, суретпен жауап беру, жазбаша жауап және тағы басқалары.

Ал графикалық тапсырмалар жасау үшін - Formative платформасы оқушыларға қолмен сурет салу, диаграмма толтыру, суретке түсініктеме жазу

сияқты мүмкіндіктерді ұсынады.

Онымен қоса біз Автоматты бағалау жүйесін қоса аламыз. Егер тестте дұрыс жауаптарды алдын ала енгізсеңіз, Formative оларды автоматты түрде тексеріп, бағалайды. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Тағы да платформаның оқушыларды қосу және тапсырмаларды тарату сынды функциялары бар. Formative платформасы оқушыларды қосудың үшін Google Classroom немесе Microsoft Teams арқылы – Егер сіз осы платформаларды қолдансаңыз, оқушыларды автоматты түрде қосуға болады.

Код немесе сілтеме беру – Formative әр тапсырмаға арнайы код немесе сілтеме жасайды. Оқушылар бұл кодты енгізу арқылы бағалауға қатыса алады.

E-mail арқылы шақыру – Егер оқушылардың электрондық пошталары бар болса, оларды тікелей шақыруға болады.

Formative платформасының ең тиімді тұсы бұл бізде - нақты уақыт ішінде жауаптарды көру және бағалау болып табылады.

Тікелей кері байланыс– Мұғалім оқушылардың жауаптарын тест барысында көріп, оларға бірден кері байланыс бере алады.

Автоматты бағалау арқылы – Көп таңдаулы және дұрыс/бұрыс сұрақтарға жауап берген оқушылардың нәтижесі автоматты түрде бағалайды.

Қолмен бағалау – Ашық сұрақтар, эссе немесе сурет түріндегі тапсырмалар мұғалімнің қолмен тексеруін қажет етеді.

Статистика және талдау – оқушылардың жетістіктерін талдап, қай сұрақтар қиын болғанын көрсетеді.

Оқушылардың нәтижелерін сақтау және экспорттау: сонымен қатар оқушылардың бағаларын сақтау және бөлісу үшін тапсырма нәтижелерін PDF форматында сақтаймыз.

### **Қорытынды**

Formative платформасының кемшіліктері платформаның артықшылықтарын жоққа шығармайды. Кемшіліктері бола тұра көп артықшылықтар мен мүмкіншіліктерге ие бағалау платформасы. Мұғалімдер дұрыс қолдана білсе, Formative – білім сапасын арттырудың тиімді құралына айналады. Formative платформасы – заманауи білім беруде үлкен маңызға ие цифрлық бағалау құралы. Ол мұғалімдерге оқушылардың білімін нақты уақыт режимінде бақылауға, тесттер мен тапсырмалар құруға және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқыту сапасын арттыру және оқушылардың белсенділігін жоғарылату үшін мұғалімдер Formative сияқты инновациялық платформаларды кеңінен қолдануы керек. Болашақта цифрлық, заманауи бағалау құралдары білім беру жүйесінде көбеймесе азаймайды, маңызды орын алады деп күтілуде. Сондықтан мұғалімдер осы технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға алады. Осы технологияларды кеңінен қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Болашақта цифрлық бағалау құралдарын жетілдіру және олардың қазақ тіліндегі нұсқаларын дамыту білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болмақ. Мен де болашақ мұғалім ретінде осындай заманауи бағалау платформаларын жақсылап меңгеріп, келешекте өз қолданысыма алып, оқушыларымды бағалауға қолданысқа енгіземін. Сол үшінде платформаларды меңгеруді өзімнен бастап, басқа да студенттер мен мұғалімдерге пайдалануға кеңес беремін.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Black, P., & Wiliam, D. (2009). Developing the theory of formative assessment. *Educational Assessment, Evaluation and Accountability*, 21(1), 5–31. <https://doi.org/10.1007/s11092-008-9068-5>
2. Cizek, G. J., Andrade, H. L., & Bennett, R. E. (2019). Formative Assessment: History, Definition, and Progress. In *Handbook of Formative Assessment in the Disciplines* (pp. 3–19). Routledge.
3. Looney, J. (Ed.). (2005). *Formative Assessment: Improving Learning in*

Secondary Classrooms. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/9789264007413-en>

4. Buchanan, T. (2000). The efficacy of a World-Wide Web mediated formative assessment. *Journal of Computer Assisted Learning*, 16(3), 193–200. <https://doi.org/10.104>

5. Formative. (2024). Formative Official Website. Retrieved from <https://www.formative.com/>

6. Cagasan, L., Care, E., Robertson, P., & Luo, R. (2020). Developing a formative assessment protocol to examine formative assessment practices in the Philippines. *Educational Assessment*, 25(4), 259–275.

<https://doi.org/10.1080/10627197.2020.1766960>

7. <https://kundelik.zendesk.com/hc/en-us/articles/360014513518>